АҚОРДА

8 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ.

№101
(4845)
Бейсенбі
28 тамыз
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

БЕРЕКЕЛІ БАСТАМА

Республика бойынша 1 мыңнан астам экологиялық акция өткізілді, деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауын және өзге де тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы басталғаннан бері республика бойынша 1 мыңнан астам экологиялық акция өткізілді, оған 10,4 млн-нан астам адам қатысты, оның ішінде 586 мың ерікті болды.

– Жалпы акция аясында 1,6 млн тоннадан астам қалдық жиналып, 859,6 мың га аумақ тазартылды, – деп атап өтті Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев.

«Таза Қазақстан» бастамасы азаматтардың жүйелі көзқарасы, саяси ерік-жігері мен белсенді қатысуы нақты жемісін бере алатынын көрсетті.

ИНТЕРНЕТ БОЛМАСА ДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Цифрлық штабта Мемлекет басшысының цифрландыру саласындағы алға қойған міндеттерін жүзеге асыру бағытында бірқатар шешім қабылданды.

Енді елімізде Aitu, eGov, eGov Business, eOtinish қызметтері интернет балансы болмаса да қолжетімді болады. Бұл қызмет 15 қыркүйектен бастап іске қосылады.

«Aitu, eGov, eGov Business, eOtinish қызметтері мен ақпараттық жүйелері үшін нөлдік тарифтеуді пайдалану азаматтардың мобильді шотындағы баланс нөл немесе теріс болған жағдайда мемлекеттік ресурстарға кепілдік беретін қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Мұндай қадам Халыққа қызмет көрсету орталықтарына түсетін жүктемені айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді және digital by default форматына көшудің маңызды кезеңіне айналады, – деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.




Жыл өткен сайын тұрғындарының саны да, түрлі тіршілік нысандары да көбейіп келе жатқан Астана қаласын таза ауыз сумен және тұрмыстық қажеттілікке керек сумен қамтамасыз ету өте маңызды мәселе болып табылады. Осы ретте «Астана су арнасы» кәсіпорны атқарып отырған жұмыстың жауапкершілігі орасан зор.

4

ТАЗА СУ КӨЗІ ҚАЙДАН?

30-31 ТАМЫЗ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Онда Түркістан облысының ауылшаруашылық тауар өндірушілері Астанаға 600 тоннадан астам өнім әкеледі. Жәрмеңке «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тас жолы, 1) сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс өтеді.





ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛІП АЛЫҢЫЗ

Елордада 1 қыркүйектен 1 қарашаға дейін халықты алғашқы медициналық-санитариялық көмек (БМСК) ұйымдарына тіркеу науқаны өтеді, деп хабарлады Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты.

Бұл әр тұрғынға бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде (жаяу жету қашықтығында) емхананы еркін таңдау құқығын қамтамасыз ету және медициналық ұйымдарға ресурстарды алдын ала жоспарлап, келесі жылы тіркелген халыққа сапалы қызмет көрсету үшін жүргізіледі.

Тіркелу ЖСН бойынша және тек бір ғана БМСК ұйымына жүргізіледі. Егер сіз емханаңызды өзгертпесеңіз, жаңа өтінім берудің қажеті жоқ, қазіргі ұйымыңызда тіркеуде қала бересіз.

Тіркелу жөнінде емханаңыздың тіркеу бөлімінен, Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасынан, 1414 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, fms.kz сайты, Telegram-дағы SaqtandyryBot-тан, iKomek 109 қалалық қолдау қызметінен қосымша түсініктемелер алуға болады.

№101 (4845) 28/08/2025 Бейсенбі

ДОСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ АШЫЛДЫ

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қазақстанға Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейн ресми сапармен келді. Мемлекет басшысы Иордания Королін Астана әуежайынан қарсы алды.





ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМЫТУДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейнді салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен II Абдалла бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Содан соң Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары орындалды. Бұдан кейін мемлекеттер басшылары келіссөз өтетін залға барды.

Қазақстан Президенті Астанаға шақыруын қабыл алғаны үшін Корольге алғыс айтып, жыл басында Аммanға жасаған сапарын ықыласпен еске алды. «Ұлы Мәртебелі, Қазақстанға қош келдіңіз! Сіздің ресми сапарыңыз біз үшін зор мәртебе. Бұл Сіздің елімізге алғашқы келуіңіз емес. Қазақстанның қазіргі өркендеу жолына жіті назар бөліп отырасыз. Екіжақты күн тәртібінде жүзеге асырылуға тиіс бірқатар мәселе бар. Кеше екі ел арасындағы қарым-қатынастарға, сондай-ақ халықаралық күн тәртібіне қатысты мазмұнды әңгіме өрбіттік. Сіздің жаһандағы жағдайды жетік түсінетініңізге өте ризамын. Бүгін де пікір алмасуды жалғастыруға мүмкіндігіміз мол. Иордания мен Қазақстан арасындағы екіжақты ынтымақтастық табысты дамып келеді. Дегенмен тиісті деңгейде талқылауды қажет ететін мәселелер де жоқ емес» деді Президент.

II Абдалла екіжақты қарым-қатынасты одан әрі нығайтудың маңызын атап өтіп, сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыруға дайын екенін растады. «Жоғары Мәртебелі, қымбатты бауырым, жылы сөзіңізге және құрмет көрсетіп қабылдағаныңызға алғыс айтамын. Бұл сапар Сіздің осыдан бірнеше ай бұрын менің еліме жасаған табысты сапарыңыздың жалғасы іспетті. Қазақстан маған өте жақын. Мұнда келген сайын Сіздің басшылығыңызбен еліңіз жүйелі түрде өсіп-өркендеп келе жатқанына куә болып, таңғаламын. Өзіңіз атап өткендей, кеше екі ел арасындағы ынтымақтастықты түрлі салада дамыту бойынша пікір алмастық. Менің бүгінгі сапарым Қазақстан мен Иордания арасындағы берік достыққа құрылған тарихтың жаңа парағын ашатынына сенімдімін» деді Иордания Королі.

СЕРІКТЕСТІКТІ КЕҢЕЙТУГЕ НЕГІЗ ҚАЛАНДЫ

Қазақстан Президенті мен Иордания Королі кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен II Абдалла бен әл-Хусейн келіссөзді екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғастырды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Иорданиямен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беретінін жеткізді. «Екіжақты қарым-қатынасты дамытуға деген шынайы ниетіңізді жоғары бағалаймыз. Сіздің салиқалы әрі сарабдал көшбасшылығыңызды, сондай-ақ аймақтағы және әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі ерекше рөліңізді атап өткім келеді. Сіздің күш-жігеріңіздің арқасында Иордания Таяу Шығыстағы тұрақтылық мекеніне айналды. Диалог пен ықпалдастықты басты бағдар ретінде ұстануыңыздың нәтижесінде Корольдіктің халықаралық аренадағы абырой-беделі артты. Биыл ақпан айында Қазақстан Президенті ретінде Иордания Хашимит Корольдігіне жасаған бірінші ресми сапарымды ерекше ықыласпен еске аламын. Бүгінгі сапар екіжақты қатынастарға тың серпін беріп, ынтымақтастығымыздың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенімдімін» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Иорданияны саяси және экономикалық тұрғыдағы ортақ мүдде ғана емес, дін, толеранттылық дәстүрі және өзара құрмет секілді ғасырлар бойғы құндылықтар біріктіреді. Екі ел әлемге сан алуан мәдениет пен конфессиядағы халықтардың тату-тәтті өмір сүріп, адамзат дамуына үлес қоса алатынын көрсетті.

Король II Абдалла қос мемлекеттің достығын жоғары бағалайтынын атап өтті. «Бүгінгі сапар түрлі саладағы ынтымақтастықты нығайтуға және екіжақты байланыстарды тереңдетуге тараптардың мүдделі екенін растайды. Бұған дейінгі келіссөздер қорытындысы бойынша бірқатар маңызды келісім мен меморандумға қол қойылды. Бүгінгі уағдаластықтар, сондай-ақ оны табысты іске асыру елдеріміздің арасындағы серіктестікті кеңейтуге берік негіз қалайтынына сенімдімін» деді Иордания Королі.

ИОРДАНИЯҒА 60 ТҮРЛІ ӨНІМДІ ЭКСПОРТТАЙМЫЗ

Қасым-Жомарт Тоқаев Аммандағы кездесу барысында тараптар тауар айналымын 500 миллион долларға дейін ұлғайтуға уағдаласқанын еске салды. Қазақстан Иордания нарығына жалпы құны 250 миллион доллар болатын 60 өнім түрін экспорттауға дайын. Президент «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы мен Иордания уран өндіруші компаниясының (JUMCO) атом өнеркәсібін дамыту саласындағы ынтымақтастығына қолдау білдірді. Президент Иордания делегациясына еліміздің халықаралық көлік-логистика желісін кеңейту бастамалары туралы мәлімет беріп, Орталық Азия мен Таяу Шығыс арасында интермодальді жүк тасымалын бірлесе өркендету мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы, туризм, цифрландыру салаларындағы ықпалдастықтың әлеуеті зор.

Өз кезегінде Иордания тарапы медицина, фармацевтика, халал индустриясы және қорғаныс өнеркәсібі бағытындағы тәжірибесімен бөлісуге ниетті. Сонымен қатар Royal Jordanian әуе компаниясы келесі жылы Амман мен Алматы арасында тікелей әуе рейсін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Бұл қадам екі елдің азаматтары мен іскерлік ортасының байланыстарын жандандырады. Бұдан бөлек, тараптар мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге, соның ішінде бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізіп, университеттер арасында серіктестік орнатуға қызығушылық танытты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейн жүргізген келіссөздерден кейін екі ел делегацияларының мүшелері қол қойылған үкіметаралық және коммерциялық құжаттармен алмасты.

«ӘЛ-НАХДА» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАДЫ

Иордания Королі II Абдалла Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Иордан Хашимит Қорольдігінің «Әл-Нахда» жоғары орденін тапсырды. Король Мемлекет басшысының Иордания мен Қазақстан арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту ісіне елеулі үлес қосқанын атап өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Корольдіктің жоғары мемлекеттік наградасымен марапаттағаны үшін II Абдалла бен әл-Хусейнге және достас иордан халқына алғыс айтты. «Ұлы Мәртебелі, Сізді аса көрнекті мемлекет қайраткері әрі көшбасшы ретінде бағалаймын. Сондықтан бұл марапатты Өзіңізге деген шынайы құрметпен қабыл аламын. Осы айтулы оқиғаны Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігінің арасындағы өзара сенімге негізделген ынтымақтастықтың символы санаймын. Біз ықпалдастығымыздың жаңа көкжиегі белгіленген бүгінгі келіссөздердің қорытындысына баса мән береміз. Осынау маңызды сапардың нәтижесі серіктестікті одан әрі нығайтуға тың серпін береді деп сенемін. Елдеріміз арасындағы конструктивті диалог пен тығыз қарым-қатынас алдағы уақытта да кеңейе бермек. Бұл жаңа бағыттарды қамтып, екіжақты әріптестіктің дамуына ғана емес, өңірлік және жаһандық тұрақтылыққа да ықпал етеді деп ойлаймын» деді Мемлекет басшысы.

ASTANA HUB КЛАСТЕРІНЕ БАРДЫ


Қасым-Жомарт Тоқаев пен II Абдалла бен әл-Хусейн Astana Hub халықаралық кластерін аралау барысында еліміздің IT және жасанды интеллект саласындағы жетістіктерімен танысты. Astana Hub – Орталық Азиядағы ең ірі инновациялық кластер. Онда 1700-ден аса IT-компания шоғырланған. Былтыр тартылған жалпы инвестиция көлемі 700 миллион доллардан, ал IT қызметінің экспорты 650 миллион доллардан асты.

Astana Hub базасында жыл сайын он мың азаматты қамтитын Tech Orda, TUMO және Tomorrow School білім беру, сондай-ақ Google for Startups серіктесімен бірге акселерация бағдарламалары іске асырылуда. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев мәртебелі меймандарға биыл күзде Астанада ашылуы жоспарланып отырған AlemAI Халықаралық жасанды интеллект орталығының тұжырымдамасын көрсетті. Қазақстан Президенті мен Иордания Короліне әлемдік нарыққа шыққан отандық компаниялардың әзірлемелері таныстырылды. Олардың қатарында epsilon3ai (мемлекеттік секторға AI-шешімдер әзірлейтін зертхана), Qalan (Қазақстанда және шет елде 1 миллионнан аса оқушы пайдаланатын математика пәнінен білім беру платформасы), inDrive (жолаушы және жүк тасымалы, жеткізу қызметін ұсынатын жаһандық платформа), KazDream (ұлттық қауіпсіздік, шекаралық бақылау және киберқорғау салаларында жұмыс істейтін еліміздегі ірі IT-компания) секілді жобалар бар.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытайлық ғалымдар миы өлген науқастың денесіне геномдық түрлендірілген шошқаның өкпесін сәтті көшірді.

Бұл жаңалық алдағы уақытта өкпе трансплантациясы бойынша донор тапшылығын азайтуға мүмкіндік беруі мүмкін. Ұлыбританияның «Nature Medicine» басылымның жазуынша, зерттеушілер донор-шошқаның генін алты жерден өзгерткен. Отадан кейінгі тыныс алу, қан айналымы және өзге де көрсеткіштер қондырылған өкпенің тоғыз күн бойы қалыпты қызмет атқарғанын көрсеткен.



Абай Құнанбайұлының құрметіне Қырғызстанның Ош қаласында көше атауы беріліп, ескерткіш орнатылады.

Қазіргі уақытта бұл көшеде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Оның жалпы ұзындығы – 3 шақырым 800 метр. Қала әкімдігінің мәліметінше, алдағы бір ай ішінде осы көшелердің бірінде Абай ескерткіші орнатылып, шағын саябақ абаттандырылмақ.



АҚШ пен Еуроодақ арасында жаңа сауда кикілжіңі туындады.

Жағдай ортақ аймақтың цифрлық қызмет көрсету заңнамасына байланысты шиеленісті. Құжат онлайн-платформалардан зиянды контентті жоюды және нарықтағы бәсекені әділ жүргізуді талап етеді. Вашингтонның пікірінше, бұл сөз еркіндігін шектеп, американдық IT-компанияларға қосымша ауыртпалық салады. Ақ үй басшысы Дональд Трамп мәселе реттелмесе, Еуропаға визалық шектеулер қоятынын ескертті.

№101 (4845) 28/08/2025 Бейсенбі

ҚАЛА ТІРШІЛІГІ ҚАЙНАП ЖАТЫР

Астанадағы 16 елді мекенде әртүрлі бағытта жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Астана қаласы әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.



«Астанада 16 елді мекен бар. Әрбір елді мекенде бірқатар бағыт бойынша жұмыс жүріп жатыр: әлеуметтік нысандардың құрылысы, инженерлік инфрақұрылым тарту, жол салу, аулаларды және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, газдандыру, жарықтандыру орнату, көгалдандыру және т.б. Елді мекендердің дамуы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында.

Үркер елді мекенінде шамамен 36 мың адам тұрады. Соңғы жылдары бұл елді мекенде 14,4 шақырым кәріз желісі салынды, оның ішінде жаңа кәріз-сорғы станциялары (КСС) тұрғызылып, орнатылды. Сол сияқты «Ауған кварталы» аумағында электрмен жабдықтау желілерінің құрылысы (10 кВ кернеулі желі – 3,25 шақырым, 0,4 кВ кернеулі желі – 11,5 шақырым) жүргізілді, – деді ол.

Оның айтуынша, елді мекенде шамамен 88 шақырым газ құбыры тартылып, жүздеген үй газға қосылды. Жыл соңына дейін тағы 87,7 шақырым газ құбырын тарту жоспарланып отыр.

«Биыл Үркер елді мекенінде жайлы мектеп пен өрт сөндіру депосы ашылды. Сондай-ақ Н.Хикмет көшесінде тағы бір мектептің, Қожаберген жырау көшесінде балабақшаның құрылысы жүріп жатыр. Осыған дейін «Нұра» дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылған болатын.

Сонымен қатар жол салу, жарықтандыру, көгалдандыру, аулаларды және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстары қарқын алды. Мысалы, қазір Р.Есімжанова көшесінде («Нұра» ДШСК-нің артында) жаңа қоғамдық кеңістік абаттандырылуда. Мұндай жұмыс барлық елді мекенде жүріп жатыр, – деп жазды қала әкімі.

ЕЛОРДАДАҒЫ ЕСКІ ҮЙЛЕР ЖАҢАРАДЫ

Қалалық мәслихат депутаттары елорданың сәулеттік келбетін жақсарту бағдарламасына енгізілген тұрғын үйлерге барып, атқарылған жұмыстардың сапасын тексерді.



Тізімге өткен ғасырдың 80-90 жылдары салынған Конституция көшесі, 14/1; Сембинов көшесі, 10/1; және Күйші Дина көшесі, 5/1 мекенжайындағы үш үй енген.

Бағдарлама елорданың тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын дамыту тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылуда. Оның операторы – «Өркен қала» ЖШС. «Ережеге сәйкес, қажетті жұмыс түрлерін тұрғындардың өздері айқындайды, ал мердігер ұйым атқарылған жұмыстарға екі жылдық кепілдік береді. Тексеру барысында екі нысанда (Сембинов көшесі, 10/1 және Күйші Дина көшесі, 5/1) жүргізілген жөндеу жұмыстары сапалы орындалғаны және белгіленген стандарттарға сәйкес келетіні анықталды. Ал Конституция көшесіндегі 14/1 үйде сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстарына қатысты ескертулер жасалды. Дегенмен, үйішілік инженерлік желілерді ауыстыру және жертөле жайларын жөндеу толық көлемде атқарылып, ешқандай сын-ескертпесіз қабылданды» деп мәлімдеді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Аралау қорытындысы бойынша, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін қалалық мәслихаттың тұрақты профильдік комиссиясының отырысын өткізу жөнінде шешім қабылданды.

КЕЛІСІМ МЕН БІРЛІКТІҢ ІРГЕТАСЫ

Елорданың Достық үйінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған «Ассамблея және Конституция: келісім мен тұрақтылық жолы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Айгүл УАЙС

Астана қаласы ҚХА төрағасының қоғамдық орынбасары Халил Маслов модераторлық ететін басқосуға Maqsut Narikbayev University профессорлары, заңгерлер, сондай-ақ қалалық ҚХА қоғамдық құрылымдарының және «Ассамблея жастары» РҚБ мүшелері қатысты.

Жиынды алғысөзімен ашқан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Олжас Құспеков: «Конституция – мемлекеттілік құрылым іргетасы. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітіп қана қоймай, жалпы даму бағытымызды айқындап берді. Бүгінгі таңда жастардың осы құндылықтарды сақтаудағы жауапкершілігін сезінуі аса маңызды» деп атап өтті.

Астана қаласы ҚХА Төрағасының орынбасарлары Халил Маслов пен Наргизам Махмудова, Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының президенті Гүлмира Пармышева, Инклюзивті қоғамды дамыту қауымдастығының вице-президенті Әлия Сәбитова, «Re Women Astana» қоғамдастығы Сәуле Сағади және елорданың іскер топтары, үкіметтік емес ұйымдары мен этномәдени бірлестіктерінің өкілдері қатысып, ойларын ортаға салды.

Конференция барысында шығып сөйлеген беделді спикерлер мен сарапшылар тақырып аясында баяндамаларында Қазақстанның өркендеп дамуының кепілі – Конституция әрбір әрбір қазақстандықтың құқықтары мен бостандықтарының кепілді қорғанышы екеніне тоқталды.

Сонымен қатар қатысушылар Ата Заңымыз – Конституцияның еліміздің құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуындағы, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін дамытудағы тарихи рөлі туралы әңгіме өрбітті.

Түркияда туу көрсеткіші төмендеген.

Жергілікті статистика институтының дерегінше, былтыр 937 мыңнан астам сәби дүниеге келген. Бірақ бұл 2023 жылмен салыстырғанда 2,2%-ға төмен. Демографиялық дағдарыстың алдын алу үшін үкімет биылғы жылды «Отбасы жылы» деп жариялады. Бастама аясында жас отбасыларға 150 мың лира, шамамен 2 млн теңге көлемінде қайтарымсыз несие беріледі. Мұнан бөлек, әлеуметтік көмекақы мен жеңілдіктер қарастырылған.



Франция президенті Эммануэль Макрон туындап жатқан саяси дағдарыс аясында өзінің отставкаға кетпейтінін мәлімдеді.

Бұл туралы JDNews басылымына берген сұхбатында айтқан. «Президент болу – бұл сені не үшін сайлаған болса, соны орындау және ең бастысы, ел үшін дұрыс деп санаған нәрсені жасау. Мен мұны алғашқы күннен бастап істеп келемін және соңғы сәтке дейін істеймін» дейді ол.

Елорда әкімдігінде мерзімді әскери қызметін аяқтаған жас астаналықтарға мемлекеттік білім гранттарын табыстау рәсімі өтті. Бұл туралы қала әкімдігінің ресми сайты хабарлады.

БІЛІМ ГРАНТЫ БЕРІЛДІ



ҰҚК Шекара қызметінің қатарында әскери борышын өтеп келген бес азаматқа ЖОО-ға қабылдауға арналған сертификатты Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірхан табыстады. «Сіздердің таңдауларыңыз еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне түсу болды. Бұл – өте құптарлық қадам. Студенттік өмірлеріңіз Отан үшін ерекше жаңалықтар мен үлкен жетістіктер кезеңіне айналсын» деді әкім орынбасары.

Айта кетейік, әскери борышын өтеп келген жастарға білім грантын беру жобасы 2023 жылы іске қосылды. Бұл – республикада алғаш рет қолға алынған, әлеуметтік белсенді, тәртіпті әрі жауапты сарбаздарды қолдауға бағытталған конкурс. Жоба Қорғаныс министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі және елдің жетекші жоғары оқу орындары арасындағы келісімдер негізінде жүзеге асырылып жатыр.

ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАТ АҒЫМНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Астанада «Қауіпсіз мектеп: оқушылардың радикалды идеологияға тартылу қаупін төмендету жолдары» тақырыбында семинар өтті. «Заң және тәртіп» қағидаты аясында қалалық Дін істері жөніндегі басқармасының қолдауымен «QAMQOR-ASTANA» қоғамдық қоры ұйымдастырған семинар елордадағы мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен психологтарына арналды.



Райхан РАХМЕТОВА

Іс-шараның негізі мақсаты – оқушылар арасында радикалды идеологияның таралуына жол бермеу, жастардың рухани иммунитетін нығайту және білім беру мекемелерінде қауіпсіз, тұрақты орта қалыптастыру, жас ұрпақты жат идеологиядан қорғауға, олардың білім мен тәрбиені үйлестіре отырып, саналы әрі жауапты азамат болып қалыптасуына ықпал ету.

Семинарға Алматы қаласынан арнайы шақыртылған ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясының аға оқытушысы, практик-психолог Ақмарал Абдукеева, Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті басқармасының басшысы Сәуле Апенова, Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Қайроллла Көшқали, діntанушы-сарапшы, Діntанушы ассоциациясының мүшесі Александр Антипин, діntанушы-сарапшы Дастан Сақан спикер ретінде қатысып, дәріс оқыды, осы салада жинаған тәжірибесімен бөлісті. Жиын барысында ғаламтор мен әлеуметтік желілердегі ақпараттық қауіпсіздік, бала өміріндегі отбасы мен мектептің тәрбиелік рөлі, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдары, ұлттық құндылықтар мен зайырлы қоғам қағидаттарын дәріптеу мәселелері сөз болды.

– Әзірге бұл семинарлар теориялық бағытта өтуде, ендігі жиынды практикалық бағытта ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз, яғни балалармен және олардың ата-аналарымен тікелей жұмыс істеуді қолға аламыз. Радикалды діни ағымдағы балалар бүгін болмағанымен, ертең шығып қалуы мүмкін. Сол кезде олармен қалай жұмыс істеу керек, қалай сөйлесу керек, сол тұрғыда практикалық семинардың берері мол, – дейді қалалық Дін істері басқармасының басшысы Қайролла Көшқали.

№101 (4845) 28/08/2025 Бейсенбі

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС НАЗАРЫНДА – ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ



Астана қаласының Қоғамдық кеңес мүшелері елорданың «Астана су арнасы» кәсіпорнына қарасты №1 және №2 насос-сүзгі станциясы мен Кәріздік тазарту құрылыстары нысанын аралады. Мұндағы мақсат – Қоғамдық кеңес отырысында талқыланатын «Астананың жылу-энергетикалық кешендерінің алдағы жылыту маусымына дайындығы» мәселесіне байланысты кезекті мониторинг жүргізу.



Алдымен кеңес төрағасы Зұлфұхар Ғайыпов бастаған мүшелер шаһардағы №1 және №2 насос-сүзгі станцияларының жұмысын көзбен көрді.

«Қазіргі уақытта елордадағы үш насос-сүзгі станциясы арқылы бір күнде орташа есеппен 360 мың куб таза су жіберіледі. Ал олардың жалпы сумен қамту қуаттылығы 410 мың кубты құрайды. Бір белгілісі, қаладағы тұрғындар таңғы, түскі және кешкі мезгілде суды көп пайдаланады. Әсіресе, кешкі уақытта суды тұтыну көбейеді. Ал апталық жүктememен айтсақ, жексенбі күні суды тұтыну жай күндерден артық болатыны белгілі. Сондай-ақ бізде 120 мың куб су артық қор ретінде үнемі айналымда тұрады» дейді «Астана су арнасы» кәсіпорнының бөлім басшысы Талғат Бекмағанбетов.

Ал қалалық Коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Олжабек Бейісовтің сөзінше, құрылысы жақында басталған №4 насос-сүзгі станцияның тәуліктік қуаттылығы – 210 мың куб. Нысан 2029 жылы пайдалануға берілмек. Ал қазіргі үш станция астаналықтарды сумен толық қамти алады. Дегенмен жыл сайын қала халқы жылдам өсуде. Жаңа су станциясының салынуы да осы көші-қон мен демографиялық өсімге байланысты десек болады.

Мұнан соң аталған топ Кәріздік тазарту құрылыстары орналасқан аумаққа барды. Мұнда 300-ге жуық қызметкер бар. Негізгі міндеті – тұрмыстық қалдық суды қайта тазарту.

«Бұл нысанның 1962 жылы құрылысы басталып, 1964 жылы пайдалануға берілген. Содан бері жұмыс істеп тұр. Мұнда Астана қаласы бойынша күнделікті тұрмыстан босаған қалдық суды қайта өңдеу, әбден тазарту жұмыстары жүреді. Шамамен бір тәулікте 300 мың кубтай қалдық су түрлі тазартудан өтеді. Ал тазартылған су Есіл өзеніне құйылады. Бұл жерде тазартудан кейінгі қатты қалдықтар арнайы полигонға кетсе, кейбіреуі арнайы орында көміледі» дейді бас инженер-технолог Перуза Алдоңғарова.

Мониторинг кезінде кеңес мүшелері кездесуде айтылған ұсыныстарды назарға алып, аталған нысандарға қатысты өзекті мәселелерге де ден қойды.

«Бүгін қалалық кеңес мүшелері бірлесіп, «Астана су арнасы» мекемесіне қарасты бірнеше нысанды аралады. Қаланы сумен қамтып отырған станциялар мен кәріз суларын тазалайтын мекеме жұмысын көзбен көріп, жұмыс үдерісін бақыладық. Қызметкерлермен сөйлесіп, кейбір мәселелер сол жерде талқыланды. Айталық, мұндағы қызметкерлер «Отбасы банк» арқылы баспаналы болу жеңілдігін ала алмай жүргенін айтты. Сондай-ақ кәріз суын тазартумен айналысатын жұмысшылардың денсаулыққа зиянды ортада жұмыс істейтіні белгілі. Соған байланысты берілетін үстемақының аздығы сөз болды. Мұның барлығы кеңес отырысында әкімдік тарапына міндетті түрде жеткізілетін болады» дейді Қоғамдық кеңес мүшесі Серікзат Дүйсенғазы.

Ал кеше өткен Астана қалалық Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібінде жоғарыда айтылған елордадағы жылу-энергетика кешендерінің дайындығы талқыланды. Кеңес төрағасы Зұлфұхар Ғайыпов жүргізген жиында қалалық Энергетика басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Есмағұлов пен Коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Сыздықов баяндама жасады.

Бүгінде жылыту маусымына дайындық жоспарлы жүруде. ЖЭО-1 нысанының дайындық деңгейі 97%-ды құраған. Сондай-ақ биыл бір турбинаға күрделі жөндеу, 9 қазандық пен 2 турбинаға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. ЖЭО-2 нысанының дайындық деңгейі – 80%. Қалада 7 аудандық қазандық бар, олардың дайындық деңгейі 87%-ды құрайды.

«Жалпы қала 4 104 Гкал/сағ жылу қуатына ие. Жаңа жылу көздері – ЖЭО-3, «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ станциялары іске қосылғанының арқасында шамамен сағатына 500 Гкал қор бар. Биыл «Тұран» газ станциясының II кезегін іске қосу жоспарда тұр, бұл қосымша сағатына 250 Гкал жылу беруге мүмкіндік береді. Ал «Теплотранзит» АҚ жылу желілері бойынша 7 шақырым желіні ауыстыру, 1,5 шақырым ағымдағы жөндеу және 6,2 шақырым қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуде. Жалпы дайындық деңгейі – 92%» дейді Мақсат Есмағұлов.

Оның сөзінше, Қорғалжын тас жолының бойы мен Ұлы Дала көшесіне дейін жылу магистралі салынуда. Ал электрмен жабдықтауда «Астана РЭК» АҚ-ның дайындығы 79% құрайды. Шамамен 80 шақырым әуе және кабель желілеріне күрделі және ағымдағы жөндеу жұмысы, сондай-ақ 64 тарату пункті мен трансформаторлық қосалқы станция жөнделген.

«Аудандарда қосымша трансформаторлық қосалқы станциялар салу жоспарлануда. Қазан айында жаңа «Арай» қосалқы станциясының, сондай-ақ тарату және трансформаторлық қосалқы станциялардың құрылысын аяқтау жоспарланған. Сондай-ақ газ желілерінің дайындығы 95%-ды құрайды. Жыл соңына дейін барлық тұрғын массивтері газға қосылады» дейді ол.

Баяндамашылардан соң кеңес мүшелері қала ішіндегі түйткілді мәселелерге қатысты сұрақ-жауап алмасты. Ал жиын барысында Астанадағы жылыту маусымына дайындық қанағаттанарлық деңгейде деп бірауыздан бағаланды.

Мұнан бөлек, кеңес отырысында Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау, Білім және Жұмыспен қамту және әлеуметтік басқармаларының жауапты басшыларының былтырғы жұмыс есебі де тыңдалды.

Бетті дайындаған **Ержан ҚОЖАС**

КІРЕ БЕРІСТЕН КЕҢ БӨЛМЕГЕ ДЕЙІН...

Осы жолы 2005 жылы шағын көлік гаражының ішінен басталған цех жұмысының дамуына куә болдық. Көргеніміздей, бірнеше бөлімнен тұратын жиһаз фабрикасының тұтынушылары да осал емес. Елімізге белгілі ірі құрылыс компаниялары – BI Group, Bazis-A және тағы басқалары осында тапсырыс береді. Барлық өңір бойынша жұмыс істейтін фабриканың артықшылығы тек сапада екені көрініп-ақ тұр. Тұтынушы көңілінен шығу үшін ең жақсы ағаш өнімдері таңдалып, брендтік таңбадағы бояу мен жапсырмаларды қолданып отыр. Бір қуаныштысы, жиһаз өндірісіне қажетті тақтай ағаштары, яғни басты шикізат та өз еліміздің кәсіпорындарынан алынады.

Екі гектарға жуық жерді алып жатқан «AVALON-K» жиһаз фабрикасы Астана қаласы маңындағы №1 Индустриялық паркінде орналасқан. Фабрика ішіндегі технологтар, дизайнерлер, монтаждаушы шеберлер өз жұмыстарын аса ықыласпен орындауда. Барлығы – 130 адам. Бірі тақтайды өлшейді, екіншісі кеседі. Дайын өлшемдерді құрастыру үшін бекітеді. Үшінші бір қызметкер ағаштың кем-кетігі болмауына ерекше назар аударады. Әрине, мұның барлығынан адам қолы жетімсіздеу екені рас, сондықтан мұндағы цехтың әр бөлмесінде соңғы үлгідегі шетелдік станоктар орналасқан. Олардың да әрқайсысының атқарар өз міндеті бар.


«Дәл қазір фабрикада екі цех жұмыс істеуде. Ал егер тапсырыс көбейген жағдайда дайын тұрған цехтарды іске қосамыз. Көбіне-көп құрылыс компанияларымен бірге жұмыс істейміз. Олар салған жаңа үйлердің кіре берістерін сәнді жиһаздармен әрлей отырып, тұрғындардың демалуына қажетті барлық апартаменттерді орналастырамыз. Осының ішінде ең ауқымды жоба – былтыр қаладағы «Абу Даби Плаза» кешеніндегі 141 пәтерге біздің компанияның түрлі жиһаздары қойылды» дейді серіктестіктің жоба жетекшісі Эльмира Түсіпова.


Эльмираның сөзінше, фабрика өніміне мемлекеттік органдар, мәдени шара өткізетін ғимараттар, қонақ үйлер мен басқа да үлкен қызмет көрсету орындары көптеп тапсырыс береді. Ерекше үлгіде әрі ешкімге ұқсамайтын дизайнымен танымал болған «AVALON-K» жиһазына тұрғындардың да қызығушылығы жоғары. Жалпы айына 1000 данаға дейін түрлі жиһаз істеуге қауқарлы фабриканың өнімдері ел нарығында үлкен сұранысқа ие десек те болады.

«Әрине, біз тек ірі компанияларға ғана қызмет көрсетеміз демейміз. Көптеген тұрғындар келіп, өз талғамдарына сай тапсырыс беріп, қалаған жиһазын істетіп жатады. Орындықтар, қонақ бөлмеге арналған үстел, жазу үстелі, жатын бөлме және асхана жиһазы, т.б. керектілерін біздің шеберлер бар ынтасын салып, көңілден шығатындай етеді. Жалпы Астана қаласында үй жиһаздарын сататын екі дүкеніміз бар. Көпшілік сонда барып, үй ішіне қажеттісін таңдап жүр» дейді ол.

Оның айтуынша, елдегі ашылған өндіріс пен ондағы тауарлардың таралуы үшін қолдау әлі де көптеп керек. Әрі Президенттің отандық өндірушілермен офтейк-келісім-шарттардың үлесін кем дегенде 10%-ға дейін арттыру туралы тапсырмасы бар. Офтейк-келісімшарты болса, өнім шығарушы да уайымға салынбайды. Өйткені сатып алушымен белгілі бір мөлшерде тауарын өткізуге мемлекет тарапынын кепілдендірілген құжаты болады. Егер елдегі кәсіпорындар шығарған тауардың осылайша сатып алу процестерін жеңілдетіп, сапасы мен үлесін арттыру сынды жұмыстарын бір жүйеге түсірсе, онда экономикалық көрсеткіш жаман болмасы анық. «Бұл – отандық тауар өндірушілерге үлкен қолдау әрі сырт мемлекеттерден келетін өнімді күтіп жаутаңдамайтын да боламыз. Қаржы да сыртқа кетпей өзімізде қалады» деп ағынан жарылды Эльмира.

«Мемлекет ұстанған бағыттың бірі – отандық өнімді қолдау. Бізде қазір «СТ-KZ» сертификаты бар. Бұл – жергілікті өнім екендігін дәлелдейтін құжат. Негізінен, өнімдерге тапсырыс ірі құрылыс компаниялардан түсетінін айттым. Бірақ әлі де еліміз Қытай, Ресей немесе Еуропа елдерінен келетін жиһаздарды сатып алып жүр. Жалпы өз ойым, отандық өнімге деген Үкімет қолдауы тоқтамаса, біз де шетелден келетін мұндай заттардан сапасы кем емес, тіпті одан да асып түсетінін шығара аламыз» дейді «AVALON-K» жиһаз фабрикасының өкілі.





Райхан РАХМЕТОВА



ЖАЛПЫ, ЖАСТАР ОТБАСЫН ҚҰРУДАН «ҚАШЫП» ЖҮРГЕН ЖОҚ, ОЛАР САНАЛЫ ТҮРДЕ ӨЗ ӨМІРІНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАП, ОЙЛАНЫП ӘРЕКЕТ ЕТУДЕ. БҰЛ – ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚОҒАМНЫҢ БЕЛГІСІ, – ДЕЙДІ ЖАНАТ ДОСЖАН

ОТЫЗЫНДА ДА ОТАУ ҚҰРМАЙДЫ. НЕ СЕБЕП?

«Он үште – отау иесі» дейтін қазақтың бүгінде отызында да шаңырақ көтеруге асықпайтын жастары көбейді. Расымен айналамызда 30-35-ті алқымдап қалған бойдақ қыз-жігіттердің қатары артқан. Құрбылары кем дегенде 2 баланың ата-анасы атанып үлгергенде бұлардың некелесуге асықпай жүруіне қазір түрлі жағдай себеп болуда. Көбі мұны әлеуметтік жағдайға әкеп тірегенімен, бәрі бірдей содан дей алмайсың. Жаһандану процесі үздіксіз ақпараттық технологиялар арқылы қазақтың ұлттық болмысы мен жан жүниесін жаулауда. Мұның арты демографиялық өсімнің кемуіне де, отбасылық құндылықтардың өзгеруіне де әкелері анық.

Адам болып дүниеге келген соң, бірінің ұрпақ өрбітіп, екіншісінің жаратылыстағы миссиясы – ана атануы өзіне де керек, әрі бұл шағын мемлекет – отбасынан құралатын елдің ішкі құрылымына да әсер етеді. Кәрі қыз бен сүр бойдақтықтың бел ортасына келсе де, әлі де қырыққа дейін бала көтеру мүмкіндігі бар ұл-қызына ақыл айтудан әулеті мен айналасы шаршамайды, түрлі жолдарын қарастырады, ұсынысын айтады. Алайда оған де селт етпей, бірі таңдаудағы талғампаздықпен, екіншісі білім қуумен, үшіншісі үй алып, жағдай жасап алумен, төртіншісі өзінің еркіндігін отбасылық өмірдегі тәуелділікке айырбастағысы келмегендіктен сол қалпы жалғыз өмірін жалғастыра береді.

ЖАСТАРДЫҢ ӨЗІ НЕ ДЕЙДІ?

Әріптестер арасынан жоғары білімді, ауылда өсіп-өнген, үлкен тәрбиелі әулеттен шыққан біраз қазақ жастарының, яғни сіңлілеріміз бен інілеріміздің де осындай жағдайына куә болып жүрміз. Көре қалсақ, бірден «Тойыңда қашан билейміз?» деп бас саламыз. Олар да: «Бір бұйырған күні» деп жауап беруден танбайды. Қазір кейбір қыздардың жұмысы да, жеке пәтері мен көлігі де, сұлулығы мен сымбаты да, ақылы мен білімі де бар, ата-анасы тойын жасап беруге алақанын ысқылап дайын отыр. Бірақ отызға келіп, тіпті 35-ке жетіп қалса да отау құрмай жүр.

– Негізінде мұның себептері көп. Сосын әрқайсысында әртүрлі жағдай. Мысалы, бір қыз отбасылық жағдайына қарап жүріп қалады, «оқуымды бітіруім керек, үйге көмектесуім қажет» деген міндет алып алады. Болмаса «кішкене өзім қалыптасып алайын, жұмыс істейін» дейтіндер де болады. Сөйтіп жүріп уақыттың қалай өткенін білмей қалады. Кейбір қыздар тұрмысқа шыққысы келетін азаматтың өз ойындағы бейнесін жасап алуы мүмкін. Ал өмірде кездесіп жатқан ер адамдар қиялдағы жігіт бейнесімен сәйкес келмейді, – дейді Дана есімді отыздан асқан елордалық ару.

Өзі әлі де тұрмыс құрмаған кейіпкеріміз мұның тағы бір себебі жігіттерге де байланысты деп санайды.

– Мәселен, қазір жігіттердің көбі танысқаннан кейін бірден үйлену туралы шешім қабылдай қоймайды. Бұрынғыдай олар қыздың жүрегін жаулап алу деген мәселеге бас қатырмайды. Ғаламтор арқылы біреуі болмаса, екіншісімен танысады. «Сенен басқа да қыздар жетеді» деген сыңай танытатындар да бар. Одан соң уақытында тұрмыс құрмаудың салдары, яғни қатары үйленіп кеткен қыздарға өзіне лайықты ер адам табу қиындай түседі. Жас кезінде әдетте жігіт қарамайтын қыз болмайды, міндетті түрде жас қызға біреуі болмаса біреуі қырындап, сөз салады. Өз уақытында солардың біреуін таңдап, етегінен ұстап кетпегеннен кейін кеш болып қалады. Тағы бір себебі – қазір қыздар құр қарап отырмай, даму үстінде, оқиды, ішкі әлеміне үңіледі, өзін жан-жақты дамытады, білімін арттырады, сөйтіп оның деңгейі жоғарылап кетеді де, кездескен жігіттердің бәрінің бірдей онымен ой сана-сезімі, парасат-пайымы сәйкес келмей жатады. Сондықтан жігіттердің де үнемі ізденіп, дамып отыруы керек деп ойлаймын, – дейді Дана.

Ал «Отызында орда бұзбақ» түгілі отбасын құрмай жүрген бірқатар жігіттер әбден жағдайын жасап, жанұясын асырайтын деңгейге жеткенше үйленгісі келмейтінін айтады. Бірінің пәтері де, орташа жалақы алатын қызметі де бола тұра неге шаңырақ көтермеуін сұрағанда, ол қазіргі жағдайы отбасын құрып, бала-шағасының заманға сай барлық қажеттілігін өтеу үшін әлі де жеткіліксіз деп жауап берді. Тағы бір отыздағы азамат қазіргі қыздардың бойында тәкаппарлық басым екенін, олардың бір жігіттің бағы болып, тезірек ана атануына сол мінез басты кедергі екенін алға тартты.

– Қыздар қазір жағдайы, үйі бар жігіттерді іздейді. Ал бірінші орында тұратын махаббат сезімі ше, жағдайы бар жігіт ертең бір қиындыққа ұшырап, барынан айырылса, қасындағы жары кетіп қала ма? Жалпы қазіргі қоғамда бәрін құртып тұрған тәкаппарлық, біреуді өзінен артық не кем санау, менсінбеу. Сонымен қатар махаббат сөзінің мәнін түсінбеу. Махаббат деген «сүйем, күйем, сен үшін айды алып берем» деу емес, ол жарының алдындағы, отбасын сақтаудағы үлкен жауапкершілік, екеуінің бірге, бір мақсатқа қарай, қандай қиыншылық болмасын, бірге ұмтылуы, сабыр мен шыдамдылықты сақтау, – дейді Жанболат есімді азамат.

Тағы бір сіңілімнің күн сайын жиілеп кеткен отбасылық зорлық-зомбылық туралы оқиғалар туралы оқып отырып, «мынадан кейін қалай тұрмысқа шығуды ойлайсың?» дегенін естіп қалдым. Мұндай зорлық-зомбылық қай заманда да болған, бірақ соған қарап, елдің бәрі бірдей отбасын құрмай кетпейді, бұл әр адамның жеке ерекшелігіне қарай болатынын айтып, бір жақты шешім қабылдамауға шақырғаным бар.

ЖАҺАНДЫҚ ҮРДІСТІҢ БІР БӨЛІГІ

Елордалық психолог, Орталық Азия аймағының когнитивті мінез-құлық терапиясы қауымдастығының мүшесі Жаннұр Садықова «Қазақстандағы некелесу деңгейінің төмендеуі – құндылықтар мен өмір салтының өзгеруіне байланысты жаһандық үрдістің бір бөлігі» деп санайды.

ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫНЫҢ ДЕРЕГІНЕ СҮЙЕНСЕК, НЕКЕ ҚИЮ КОЭФФИЦИЕНТІ 2019 ЖЫЛҒЫ 7,5%-ДАН 2024 ЖЫЛЫ 6,1%-ҒА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕДІ, БҰЛ – СОҢҒЫ 25 ЖЫЛДАҒЫ ЕҢ ТӨМЕНГІ КӨРСЕТКІШ

– Кейінгі жылдары әлемнің көптеген елінде, соның ішінде Қазақстанда да некелесу деңгейінің тұрақты төмендеу үрдісі байқалып отыр. Бұрын отбасы құру мен бала сүю негізгі, тіпті жалғыз өмірлік мақсат болып саналса, бүгінде жағдай әлдеқайда күрделі әрі көпқырлы болып кетті. Ұлттық статистика бюросының дерегіне сүйенсек, неке қию коэффициенті 2019 жылғы 7,5%-дан 2024 жылы 6,1%-ға дейін төмендеді, бұл – соңғы 25 жылдағы ең төменгі көрсеткіш. Бұл құбылысты тек экономикамен немесе тұрмыстық қиындықтармен түсіндіру жеткіліксіз. Мұнда жаһандық контексті де ескеру маңызды. Бүгінде ғаламтор, әлеуметтік желілер, медиа басқа елдердің құндылықтары мен мінез-құлық үлгілерін бір-біріне жақындата түсті. Бұл ретте Солтүстік Корея, Жапония, Еуропа елдеріндегі жағдайды есепке алу қажет. Ол жақта да туу көрсеткіші мен некелесу деңгейі кейінгі жылдары төмендеуде. Мұнда жеке мақсаттар – білім алу, мансап, өзін-өзі дамыту алдыңғы орынға шықты. Біздің елде де осы үрдіс күшейіп келеді. Көптеген жастар сапалы білім алуға, соның ішінде шетелде оқуға, тіл үйренуге, мансап құруға ұмтылады және қазіргі уақытта бұл қолжетімді болып отыр. Әрине, осы факторлар өз кезегінде отбасы құруды кейінге ысырады, – дейді ол.

Жастармен жұмыс істеу барысында психолог жиі қайталанатын ұқсас себептерді байқаған. Көбі некеге тұруға асықпауын отбасылы болудан бас тартқандықтан емес, алдымен өзін танып-білгісі келетіндігімен түсіндіреді. Жастар «қиындықпен күресуді үйренгім келеді», «ертеңгі күнімнің тұрақтылығын сезінгім келеді» дегенді жиі айтатын болған.

– Көпшілігі жеке дамуға ден қояды, бірі шет тілдерін оқиды, бірі жаңа мамандықтар іздейді, енді бірі шетелге оқуға барады. Маңыздысы – жай ғана тұрмыс құру емес, оған іштей дайын болу. Жастар отбасы үлкен ресурстарды, яғни эмоционалды, қаржылық, психологиялық күшті қажет ететінін айтады. Сол себепті олар асықпайды, шешімнің саналы әрі тұрақты болғанын қалайды. Өзін тануға, дамытуға деген ұмтылыс – некелесу деңгейіне ықпал ететін маңызды факторлардың бірі. Бұрын отбасы ересек өмірдің бастапқы нүктесі ретінде қарастырылса, бүгінде көпшілік үшін ол, алдымен, жеке тұлғалық тұрғыда бекігеннен кейінгі келесі қадам болып отыр. Қазақстанда тұрғын үй мәселесі кейбір елдердегідей аса күрделі деуге болмайды. Соған қарамастан некелесу деңгейінің төмендеу үрдісі сақталуда, – дейді Жаннұр Садықова.

Психолог мұны сонымен қатар қазіргі өмірдің үздіксіз күйзеліс, жоғары бәсекелестік, қажу сезімімен байланыстырды. Жастар алдымен «аяққа тұрып», сенімділік пен ішкі ресурсқа ие болғысы келеді де, содан кейін ғана некеге тұруды қалайды. Көпшілігі үшін маңыздысы – жай ғана отбасы құру емес, оны сақтап қалу, ал ол саналы көзқарасты қажет етеді.

САНАЛЫ ТҮРДЕ ЖАСАЛҒАН ТАҢДАУ

Тағы бір психолог, психотерапевт Жанат Досжан қазіргі жастардың отбасын құруды кейінге қалдыруы – көбіне саналы түрде жасалған таңдау деп санайды. Бұл құбылысты бірнеше негізгі факторларға бөліп қарастыруға болады: әлеуметтік-экономикалық себептер – тұрақты табыс пен баспана мәселесі. Екінші – жоғары бәсекелес орта. Сол бәсекеге төтеп беремін деп отбасын құруды кейінгі кезеңге ығыстырады. Үшінші – психологиялық факторлар, жеке шекара мен еркіндікке басымдық беру. Төртінші – көп жастың ата-анасы немесе айналасындағы адамдардың сәтсіз некелерін көріп өсуі. Сол себепті оларда отбасылық өмірге қатысты қорқыныш немесе күмән қалыптасқан. Бесіншісі, мәдени және ақпараттық ықпал және құндылықтар өзгерісі.

– Бұл мәселені дұрыс түсіну және қоғамда саналы көзқарас қалыптастыру маңызды. Жастарға отбасылық өмірдің шынайы мәнін көрсетіп, мектептерде, ЖОО-дарында қарым-қатынас мәдениеті мен эмоционалды интеллект тақырыптарына көңіл бөлу керек. Ата-ана мен үлкен буынның рөлін қайта қарастыру қажет. Қоғамда сәтті, өзара сыйластыққа негізделген отбасылар туралы көбірек айтуымыз керек. Жалпы, жастар отбасын құрудан «қашып» жүрген жоқ, олар саналы түрде өз өміріне жауапкершілікпен қарап, ойланып әрекет етуде. Бұл – дамып келе жатқан қоғамның белгісі, – дейді Жанат Досжан.

Жүйелі отбасылық психолог Анна Поздеева отызға дейін отырып қалатын жастардың тобы көп емес екенін, бұл топ алдымен өзін толық қалыптастырып барып отбасын құруды көздейтін азаматтардың аз бөлігі екенін айтады. Некелесуді кейінге қалдырып жүргенімен отбасы құндылықтары олар үшін де маңызды, сондықтан да олар отбасын құрудан бұрын оны қамтамасыз ету деңгейін қалыптастыруға қатты мән береді.

– Дегенмен бұл қадамға үлкен дайындықпен келуді ойлайтындар да қарама-қайшылыққа тап болады, яғни қашан отбасын құруға дайын болатынын айқындайтын нақты талаптардың жоқтығы. Себебі өзіңді жетілдіру, отбасын құруға әбден дайын болу деңгейін арттыра берудің шегі жоқ, солай өмір бойы жүре беруге болады. «Бір күні толық дайын боламын» деп жүргенде қалай қартайып қалғанын білмей қалады. Сөйтіп жасы ұлғайған сайын оның екінші жұпқа деген талаптары да күшейе түседі, бұл үдеден шығатын үміткерлер қатары да сирей береді, – дейді психолог маман.

ӨЗ УАҚЫТЫНДА ЖҮКТІ БОЛҒАН ЖӨН

Гинеколог дәрігерлердің пікірінше, әйел үшін алғаш рет бала көтеруге ең қолайлы кезең – 25-27 жас. Медициналық көзқарас тұрғысынан бұл болашақ аналар үшін бала көтерудің ең тиімді әр дер уақыты.

– Бұл жаста адам ағзасы сағат сияқты сыртылдап жұмыс істеп тұрады. Репродуктивті жүйе де ең бір пісіп жетілген кезіне жетеді. Жұмыртқа жасушалары да өте сапалы болады, сондықтан баланың генетикалық тұрғыдан ауытқушылығы болу қаупі сирек кездеседі. Гормондары тұрақты болғандықтан жүктілік жеңіл өтеді. Гестациялық диабет немесе қан қысымының жоғарылауы аз болады. Әрине, сонымен қатар босанғаннан кейін де бұл жаста ағза тез қалпына келеді, – дейді Астана қалалық №1 емханасының гинеколог дәрігері Ерлан Мүсенов.

Ал 30-35 жастан кейін жүкті болудың өзіндік ерекшеліктері бар. Жалпы адам жасы ұлғайған сайын созылмалы аурулары асқына түсетіні белгілі. Сондай кезде бала көтерудің қаупі жоғары болатыны анық. Бала босану сәті әдеттегіден созыла түсіп, қалпына келуі де оңай болмайды.

– Дегенмен бұл кезде бала көтерудің бір артықшылығы – психологиялық есею. Әдетте бұл жаста әйелдер мансап қуып, қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізіп, ана болуға толық дайын екенін сезініп келеді. Бұл олардың өзі мен баласына ғана көңіл бөліп, басқа ештеңеге алаңдамауына септік етеді. Әрине бұл жаста дәрігердің қатаң бақылауында болу өте маңызды. Ұдайы тексеріліп, салалық мамандардан кеңес алса бәрі дұрыс болады, – дейді №4 қалалық емхананың акушер-гинекологы Ләззат Смаилова.

Сонымен қатар отыздан асып бала көтерген әйелдер тұрғылықты жері бойынша тіркелген емханада МӘМС аясында отбасын жоспарлау бөлімшесінің қызметіне жүгіне алады.

